

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЭМОЦИЯЛАРДЫҢ ВЕРБАЛИЗАЦИЯЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ідіріс М.К

[monti\\_9701@mail.ru](mailto:monti_9701@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор м.а. Кенжетаева Гулзира Кабаевна

Қазақ тіл білімінде эмоционалдылық белгілі бір құбылыс ретінде танылса да, терең зерттеле қоймаған, ашылмаған, анықталмаған қырлары әлі де бар.

Эмоционалды күйді вербализациялау тілдегі ең күрделі құбылыстардың бірі болып табылады. Сезімдерді вербализациялау – бұл адамның немесе сұхбаттасушының сезімдері мен эмоцияларының сөздермен берілуі. Сезімдердің вербализациясы «эмоционалды стрессті реттеу әдістері» деп аталады және жалпы барлық жерде: психотерапияда, іскерлік келіссөздерде, отбасылық басқосуларда қолданылады [1, 112].

Жалпы «вербализация» деген сөз не мағынаны білдіреді? Вербализация (лат. *verbum* «етістік») – сөздердің басқа сөйлем мүшелерінен етістік категориясына ауысуы, яғни қандай да бір жағдайды немесе ойды сөз арқылы жеткізу процесі [2, 32].

Осы позициядан эмоционалды жағдайды вербализациялау ауызша қарым-қатынас саласындағы зерттеу объектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Эмоционалды жағдайды вербализациялау кезінде спикердің жүзеге асыратын коммуникативті міндеті – тыңдаушыға ақпарат беру. Уильям Голдингтің әйгілі шығармалары арасындағы «*Lord of the flies*» көркем шығармасынан үзінді келтірсек: «*The fair boy said this solemnly; but then the delight of a realized ambition overcame him. In the middle of the scar he stood on his head and grinned at the reversed fat boy.*

“No grownups!”

The fat boy thought for a moment. “That pilot.”

The fair boy allowed his feet to come down and sat on the steamy earth.

“*He must have flown off after he dropped us. He couldn’t land here. Not in a place with wheels.*”

(қазақша аудармасы: Ақшыл шашты бала көңілсіздеу сөйледі. Бірақ, сол сәтте ол аңсаған арманына қол жеткізгендей қуанып кетті. Соқпақ жолдың қақ ортасына басымен тұрып алып, езуі құлағына жеткенше толық балаға ыржия қарады.

- Ешқандай ересек адам жоқ! Толық бала ойланып тұрды.

- Ал әлгі ұшқыш...

Ақшыл шаш секіріп түсіп, шаңы бұрқыраған жерге отыра кетті.

- *Шамасы, бізді осында қалдырып, өзі ұшып кеткен болуы керек*)». Бұл үзінді апат сәтін сипаттайды. Бұл жерде жалған қуаныш пен үміт сезімі қорқыныш, өкініш, аяушылық сияқты балалық шақтың эмоцияларының пайда болуына әкелгенін байқауға болады. Сонымен қатар, әрдайым тыңдаушының кез-келген реакциясына арналған сөйлеу қарым-қатынасы екі жақты процесс болып табылады, сондықтан ауызша түсінікті эмоционалды жағдай коммуникативті серіктеске түсінікті және оларды жеткілікті түрде түсіндіруі керек.

Эмоционалды жағдайды вербализациялаудың өте маңызды ерекшелігі – сөйлеушінің тыңдаушының реакциясын тудыруға деген ұмтылысы. Кейбір эмоциялардың аудиторияға бағытталуы сияқты қасиеттеріне байланысты олардың түсінігі басқа қарым-қатынас қатысушыларына қол жетімді болады деген пікір бар. Мысалы, біреудің өзінің депрессиялық

күйін сыртқа шығаруы, керісінше, ішкі тәжірибені білдіруге емес, басқа адамдарға сигнал жіберуге деген ұмтылысқа байланысты.

Эмоцияның тіл арқылы бейнеленуін, тілдік құралдар арқылы берілуін зерттеу әрдайым қиындық тудырады. Себебі бір эмоцияның әр түрлі тәсілдермен берілуі немесе бір ғана дыбыспен, бір сөзбен, бір қимылмен бірнеше эмоцияның білдірілуі мүмкін. Мәселен, «О» одағайы қиналу, таң қалу, қуану, рахаттану мәндерін білдіре алады. Әрине, олардың мағыналары контекст ішінде, не ситуацияда анықталады. Көп мәнді одағайлардың семантикалық сипаты интонацияға да тікелей байланысты екендігі белгілі. Сондай-ақ, эмоцияны білдіру, эмоцияны бейнелеудің механизмін анықтау да түрлі жағдаяттарға байланысты қиындық тудыруы мүмкін.

Эмоцияларды вербализациялау кезінде тілдік құралдарды таңдау автордың тілдік тұлғасымен, оның шындыққа субъективті қатынасы – дүниетанымымен, адамгершілігімен, рухани қасиеттерімен, эстетикалық талғамымен, эмоционалдылығымен шартталады.

Американдық психолог К.Роджерстің пікірінше, қарым-қатынас процесінде эмоцияларды вербализациялаудың әртүрлі әдістерін ажыратуға болады. Эмоцияны вербализациялау әдістері үш негізгі режимді қамтиды:

- 1) коммуниканттың жеке эмоционалды күйлерін тікелей вербализациялау;
- 2) эмоциялардың жанама вербализациялануы;
- 3) коммуниканттың эмоционалды күйлерін метафоралық вербализациялау [3, 428-430].

Эмоционалдылық категориясы эмоцияны вербализациялаудың лексикалық құралдарымен тікелей байланысты. Бұл әдістер эмоциялардың тікелей номинанттарының болуымен сипатталады, басқаша айтқанда эмоциялардың тікелей және жанама вербализация техникасымен байланысты. Тікелей вербализация әдістемесі серіктеске өзінің эмоционалды жағдайы туралы тікелей хабарлаудан тұрады (*Мен таң қалып тұрмын/I am surprised; Мен бақыттымын/I am happy*) немесе серіктестің бастан кешкен эмоцияларын және сезімін көрсету (*Уайымдама/Do not worry; Көңіл-күйің жоқ қой/ You are sad*). Эмоциялардың тікелей вербализациясы әрқашан тұлғааралық қатынастың қарқынды психо-эмоционалды аясын төмендете бермейтінін және күрделі жанжалды жағдайларда, мысалы, серіктестің жағымсыз эмоционалды күйінің жоғарылауын тудыруы мүмкін екенін ескеру қажет. Эмоциялардың вербализациясының жоғарыдағы түрі жалпы түрде басым болып саналмайды [3, 428-430].

Жанама вербализация көбінесе келесі тұжырымдама бойынша жүзеге асырылады: *Мен әдеңсіз болып көрінгім келмейді, бірақ айтыңызшы – сізге не болды?/ I do not want to be immodest, but tell me – what's wrong with you?; Бұл сізді мазалайтынын түсінемін/ I understand that it bothers you.*

Жағымды мәлімдемелерді жағымсыз эмоцияларды вербализациялау кезінде қолдану тұлғааралық қатынастың эмоционалды қарқындылығын төмендетуге көмектеседі. Біздің ойымызша, эмоциялардың вербализациясының бұл түрі ағылшын лингвомәдениеті үшін де, қазақ лингвомәдениеті үшін де бірдей [3, 428-430].

Метафоралық вербализация қарым-қатынас серіктестерінің амбивалентті, қарама-қайшылықты, эмоционалды күйлерін локализациялау үшін қолайлы, олар бір-біріне деген екі жақты қарым-қатынасымен, бір-бірінің кез-келген қасиеттерін бір уақытта қабылдаумен және қабылдаумен байланысты: *Мен өзімді тақтаға шығып тұрған оқушыдай сезініп тұрмын/I feel like a schoolboy at the blackboard* немесе *Мен өзімді айыпталушыдай сезініп тұрмын/I feel like I'm being interrogated.*

Адамның эмоциясын жеткізуде жиі қолданылатын тілдік құралдардың бірі – фразеологизмдер. Қазақ халқының тілдік бейнесінде қауіп, қарғыс, бақытсыздық тілектері елеулі орын алады. Теріс коннотациямен қатар, фразеологиялық бірліктер халықтың өзіндік

ерекшелігін, оның ойлауының бірегейлігін көрсетеді. Мысалы, *Жағына жылан жұмыртқаласын!* – бақытсыздық тілеу; *Көріңнен жылан шыққыр!* – мәңгілік азап қарғысы. Қазақ тілінен көрсетілген мысалдар қауіп-қатер фразеологизмдері болып табылады, енді ағылшын тілінде ашу-ызаның қалай берілетінін қарастырайық: *Fine day for the ducks!* – жаңбырлы ауа райы кезінде; *Dog my cats!* – қарғыс атқыр! Яғни көрсетілген ағылшын тіліндегі фразеологиялық тіркестердің берілуі қазақ тіліне қарағанда әлдеқайда өзгеше және сыпайы түрде.

Келесі кезекте қазақтың лирик ақыны М.Мақатаев шығармасынан эмоцияның вербализациялануына мысал келтірер болсақ:

*Тойып алсам, томпыып жатады екем,*

*Шамалы екен шешемді мезі еткенім.* («Бала шақтан – болашаққа»)[4] «Мезі етті» (ығыр болды) тіркесін өз атынан, I жақтан өзінің мінезінің бір қырын көрсету үшін қолданған десе болады.

*асқарды бұлт тұмшалады, шағады.* («Ақ қайың әні»)[5]

да эмоция беруде пайдаланып отыр.

«Мұң шақты» фразалық тіркесін мұнда да эмоция беруде пайдаланып отыр. Ауызекі сөйлеуде фразеологиялық бірліктердің көпшілігі экстралингвистикалық жағдайға тікелей байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ, фразеологиялық бірліктеркез-келген тілдің өзіндік ерекшелігін құрайды: олар тілдің ерекшелігін, адамдар арасындағы қарым-қатынас стратегиясын, белгілі бір тілдің сөйлеушілерінің эмоционалдылық деңгейін көрсетеді. Сонымен, «қауіп, бақытсыздық тілегі» бөліміне қатысты фразеологиялық бірліктер тек қазақ тілінде көптеп кездеседі [6,152].

Ағылшын тіліндегі дөрекі сөздердің көптігіне қарамастан, мұндай қарғыс осы этностардың фразеологиялық қорларында тамыр жайған жоқ, бұл ең алдымен қазақтардың шығыс менталитетінің бірегейлігін көрсетеді.

Қазақ және ағылшын тіл білімінде соңғы жылдары жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары этностың өткендегі өмір сүру тәжірибесі мен қазіргі болмысының табиғаты, рухани құндылықтарының көрінісі тілдің түрлі салаларында әсіресе, лексикалық және фразеологиялық құбылыстарда кездесетінін дәлелдеп отыр. Осыған орай тіл біліміндегі соңғы жылдары жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстары тілдегі ұлттық рухты, ұлттық ерекшелікті, мінез-құлықты танытуға негізделген. Қазақ халқының өткені мен бүгінін танытатын лингвомәдени дерек ретінде тілдегі фразеологизмдер де түрлі қырынан қарастырылуда.

Қорыта айтқанда, вербализация процесінде эмоциялар психологиялық емес, тілдік заңдарға сәйкес келетін сөз формаларының семантикалық құрылымдарында көрсетіледі. Эмоцияларды вербализациялау үшін қолданылатын сөз формалары көбінесе тілдегі стереотиптік көрініс болып табылады. Көбінесе шет тілін үйренетін адамдар белгілі бір эмоцияларды бір тілде және мүмкін басқа тілде білдіру мүмкін емес деп санайды, бұл әр тіл үшін эмоционалды жағдайды білдірудің ауызша үлгілерінің шектеулі жиынтығының болуын көрсетеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нургожина Ш.И. Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка: Дис. канд. филол. наук. Алма-Ата.–1989. – 145 с
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
3. Эмпатия / Карл Роджерс. – Москва // Психология мотивации и эмоций : учебное пособие / ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, М.В. Фаликман. – Издание 2-е, стереотипное. – Москва : ЧеРо : Омега-Л : МПСИ, 2006. – С. 428-430. – (Хрестоматия по психологии) .

4. Мұқағали Мақатаев – «Бала шақтан болашаққа» өлеңі.
5. Мұқағали Мақатаев – «Ақ қайың әні» өлеңі.
6. Ибадильдина З.Х. Эмотивная лексика казахского и русского языков: Дис. канд. филол. наук. –Алматы.–1997.–223 с.

ӘОЖ: 811.111

## АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ

**Кәрібай Диана Ерланқызы**

[d1anna\\_02@mail.ru](mailto:d1anna_02@mail.ru)

А.Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті  
Химия факультетінің студенті, Қарағанды, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – М. Отыншиева

Қазіргі заман талабы бойынша ағылшын тілінің қоғамдағы рөлі өте маңызды. Ағылшын бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңа бағыттар ағылшын тілін оқытуды үнемі жетілдіруді, оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды қарқынды түрде талап етуде.

Бір орында тұрақтамай, желдей жүйіткіп бара жатқан қоғам ағымына ілесіп, белгілі бір жетістікке жету үшін тіл білудің маңызы зор. «Бір тіл адам баласын өмір дәлізіне шығарса, басқа тілдерді білу сол дәліздегі есіктерді айқара ашады» дейді Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Фрэнк Смит. Осыдан жүз жыл бұрын адамдар өзге ел тұрғындарымен қарым-қатынас құралы ретінде француз тілін пайдаланған. Американың екінші президенті Джон Адамс 200 жылдан астам уақыт бұрын ағылшын тілінің халықаралық тілге айналатынын айтқан екен. Оның болжамы ХХ ғасырдың аяғында жүзеге асты. Қазіргі заманда бүкіләлемдік тіл ретінде ағылшын тілі француз тілінің орнын басып, қанатын кеңінен жайған. Бұған Британ империясының өткен замандардағы отарлау саясатының әсері мол.

Отаршылдық кезінде ағылшын тілі британ колониясына айналған АҚШ, Австралия, Канада, Нигерия, Оңтүстік Африка және Үндістан сияқты елдердің екінші тілі ретінде күштеп бекітілді. Кейін бұл елдердің негізгі мемлекеттік тіліне айналып, сауда мен мәдени салада үстемдік етті. Әсіресе аз уақыт ішінде ол ғылым мен техника, мәдениет пен туризм тіліне айналып үлгерді. Оған қоса жалпыға ортақ фильмдер, бағдарламалар мен Бұқаралық ақпарат құралдарының көбі ағылшын тілінде ұсынылды. Жалпы ақпараттың 80%-ын ағылшын тілінде беретін интернет желісінің дамуы да ағылшын тілінің әлемге ортақ тіл ретінде қалыптасуына, нығаюына септігін тигізді. Соның салдарынан әлемде ағылшын тілін ана тілі санайтындарға қарағанда, оны үйренгендердің саны көбейді. Мысалы статистикаға сүйенсек, әлемде қытай халқының 300 миллионнан астамы ағылшын тілін біледі екен. Бұл Америка халқының жалпы санымен бірдей. Ал дүниежүзіндегі тоқсаннан аса мемлекетте ағылшын тілі екінші мемлекеттік тіл мәртебесінде және халық арасында жиі қолданылады. Францияның орта мектептерінде оқушылардың 85%-ы 4 жылдық оқу бағдарламасында ағылшын тілін таңдаса, Жапонияда мектеп бітірген жастар ағылшын тілін білуге міндетті. ТМД елдерінде және Норвегия, Швеция, Дания мектептерінде ағылшын тілі міндетті пәндердің қатарында оқытылады. Әлем халқының 410 миллионы бұл тілді ана сүтімен бойына сіңірген және оны үйренгендермен қоса санағанда барлығы 1 миллиард адам ағылшынша еркін сөйлейді екен. Ағылшын суретшісі Эдуард де Уааль былай дейді: «Белгілі бір тілді үйрену арқылы сіз сол тілде сөйлейтін жерде қысылып-қымтырылмай, өзіңізді үйдегідей сезінесіз». Яғни ағылшын тілін үйрену тоқсан елге емін-еркін